

Аймұхамбет Ж.Ә.,
Оразбек М.С.

**Миф құрылымындағы
бинарлық оппозицияның
поэтикалық трансформациясы**

Мақалада тілдік және көркем кеңістіктегі қарама-қайшы ұғымдардың тұтастығы және бір-бірімен қарым-қатынасы әдебиеттану аспектісінде қарастырылады. Тілдік-көркемдік түзілімнің өнер туындыларында көрініс табу тәсілдері талданады. Антикалық дәуірден бастау алатын протагонист-антагонист тұлғалар мен оксюморон, контрасты бейнелеу, антитеза сияқты көркемдік тәсілдер мен стилистикалық пішіндердің түп бастауында мифтік танымдағы бинарлық оппозиция жатқаны дәлелденеді. Қазіргі көркем әдебиеттегі тартыс пен қосарлы кейіпкерлер табиғаты сараланады. Бинарлық оппозиция, мифтік диада, қарама-қайшылықтың тұтастығы туралы талдаулар мен тұжырымдар теориялық еңбектерге сүйене отырып жүзеге асырылады. Мақаланың тұжырымдауына сәйкес қарама-қарсылықты құрылымдағы барлық тәсілдерінің жаратылыс негізіндегі бинарлық құрылым тектоникасынан бастау алғанын көруге болады. Талдау барысында фольклорлық туындылардан бастап әлем және ұлт әдебиетінен мысалдар келтіріледі.

Түйін сөздер: антоним, антитеза, оксюморон, мифотектоника, протагонист, антагонист, символ, акротеза, аллогизм, диада-кейіпкер, трансформация, архетип.

Aymukhambet Zh.A.,
Orazbek M.S..

**The poetic transformation of
binary opposition in the structure
of the myth**

The article deals with the imagery aspect of the unity of opposites and their relationship in the language and belles-letters space. Analyzing the methods of reflection of linguistic and literary arts in works of fiction, the author argues that such artistic techniques as a description of the personality, the protagonist-antagonist, oxymoron, contrasting display, antithesis and stylistic forms are derived from the binary opposition which is inherent in the mythological consciousness. There is also an analysis carried out into the conflict and nature of the dual characters in contemporary fiction. According to the concepts given in the article it is clear that all the artistic devices of the opposite structure originated from the tectonics of the binary opposition. The analysis and conclusions in the article concerning binary oppositions, mythological dyads, the unity of opposites are all based on theoretical works and folklore works of national and world literature.

Key words: antonym, antithesis, oxymoron, mythic tectonics, protagonist, antagonist, symbol, acrothesis, alogism, dyad character, transformation, archetype.

Аймұхамбет Ж.А.,
Оразбек М.С..

**Поэтическая трансформация
бинарной оппозиции
в структуре мифа**

В статье рассматривается художественный аспект единства противоположных понятий и их взаимосвязь в языковом и художественном пространстве. Анализируя методы отражения в художественных произведениях лингвистического и литературного искусства, автор доказывает, что такие художественные методы, как описание личности протагониста-антагониста, оксюморон, контрастные отображения, антитезы и стилистические формы происходят от бинарной оппозиции, присущей мифологическому сознанию. Проводится также анализ конфликта и природы сдвоенного персонажа в современной художественной литературе. Согласно заключению статьи можно заметить что, все художественные методы противоположной структуры по сути естества возникли от тектоники бинарной структуры. Анализ и выводы в статье касательно бинарных оппозиций, мифологической диады, единства противоположностей основываются на теоретических трудах и фольклорных произведениях национальной и мировой литературы.

Ключевые слова: антоним, антитеза, оксюморон, мифотектоника, протагонист, антагонист, символ, акротеза, алогизм, персонаж-диада, трансформация, архетип.

**МИФ
 ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ
 БИНАРЛЫҚ
 ОППОЗИЦИЯНЫҢ
 ПОЭТИКАЛЫҚ
 ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ**

Әлемнің тілдік және көркем бейнесінде қарама-қарсы құбылыстар мен ұғымдарды антоним, антитеза, оксюморон сияқты терминдермен сипаттайды. Осы филологиялық терминдер поэтикалық ойлау жүйесіндегі көркем әдіс-тәсілдердің түзілуіне жол ашты. Дидалық сипатымен ерекшеленетін бинарлық-оппозициялық құрылымның көркемдік табиғатын анықтауда олардың мифотектоникасына міндетті түрде назар аударылу керек.

Қарама-қарсы ұғымдар жүйесінің тілдік-көркемдік түзілімі кез келген өнер туындысының құрылымында бар. Ежелгі дүние өнері мен мәдениетіне тән болған тартыс осындай қарама-қайшылықтарға негізделеді. Оған мысал ретінде әуелі антикалық грек драматургиясындағы протагонист// антогонист тұлғалардың жіктелуін айтуға болады.

«Протагонист – ежелгі грек трагедияларындағы үш актердің біреуі, басты рольді орындаушы (екінші актер девтерагонист, үшіншісі триагонист деп аталады). Жаңа әдебиетте протагонист – драмада басымырақ көрінетін антиқаһарман; антагонист – оған қарсы тұратын туындының бас қаһарманы. Протагонист гректің «protos» – бірінші және аудармасы актер мағынасын беретін «agonistes» деген сөзінен шыққан» [1]. Басты әрекет етуші тұлға ретіндегі протагонист негізінен ізгілікке, жақсылыққа нұсқаса, антогонист, керісінше, оппозицияның екінші жағында тұрған жамандық, зұлымдық сияқты ұғымдардың бейнеленуі. Осылайша, жаратылыс диадасы бинарлық-оппозициялық негізін сақтай отырып, тілдік, көркемдік болмысымен өзінің «өмір сүруін» жалғастырады. Жаратылыс негізіндегі оппозиция табиғаты айқындалып, жіктеліп, көркем туындыдағы тұлғалар әрекетіне көшіріледі.

Лингвистикалық құбылыс ретінде оксюморон, поэтикалық мәтіннің бір құралы ретінде қарастырылады. В.В. Виноградов «Анна Ахматова поэзиясы туралы (стилистикалық үлгілер)» мақаласында оксюморонды «заттар мен құбылыстардың, белгілердің сипатын анықтаушы...» символ ретінде танытады [2,385]. Оксюморонның құрылымын «шағын қысқартылған сөз тіркесі» деп таныған Виноградов салыстырулар барысында оның құрылымы кеңейетініне назар аударады. Тіпті, тұтас бір күрделі сөйлем болуы да мүмкін дей

отырып, фразеологизмдердің семантикалық өзгерістер нәтижесінде оксюморонға айналу жолын талқылайды. «А.Блоктың контрасты поэтикасы» атты мақаланың авторы Л.Н. Тимофеев Блоктың поэтикалық танымындағы ерекшелік – контрасты бейнелеу деп көрсетеді. Ақын қолданысында оксюморон, антоним, қарама-қарсы сипаттағы эпитет шығарманың композициясында, образдар жүйесінде, сюжеттік дамуда, тақырып атауында кездесіп, тілдің қисынды түрдегі шоғырлануы, кейде жай сөз тіркесі түрінде келіп, лирикалық қаһарманның ішкі толғанысы түрінде танылатынын атап көрсетеді [3, б. 48].

Тағы бір зерттеуші Л.А. Введенскаяның «Антонимге негізделген стилистикалық фигуралар» атты мақаласында оксюморонды тек стилистикалық фигураның бірі ретінде ғана емес, оны «ең тиімді көркем құралдардың бірі... логикалық ойлау тұрғысынан бір-біріне сәйкес келмейтін сөздердің тіркесуі» [4, б. 128] деп тұжырымдайды. Зерттеуші оксюморонның лингвистикалық табиғатына көп мән берген. Компонеттер ретінде антонимдік қарама-қарсы мағынадағы екі сөз алынады. Мұндай жағдайда «антоним сөздердің біріншісі екіншісін анықтаушы ретінде беріледі: жастықтағы кәрілік және кәрі жастық» [4, б.128].

Теориялық анықтамаларға назар аударсақ, оксюморон қарама-қарсы мағынада антитеза, акротеза, амфитеза, диазтеза сияқты тәсілдер арқылы беріледі.

Антитеза тәсілі бізге «Ер Тарғын» жырындағы Ақжүністің әйгілі монологынан таныс. Антитезаға қарама-қарсы сипаттағы мағыналық бірігу мен тұтастықты танытатын амфитеза және акротеза туралы шет ел филологтарының пікіріне сүйенсек, «антонимнің қызметі қарама-қарсы қоюмен шектелмейді. Антонимдер қарама-қарсы қою семантикасы жоқ дерлік байланыстың басқа түрін де білдіре алады (амфитеза тәсілі). Акротеза болса өзара байланысты бір белгіні оған қарама-қайшы ұғымды жоққа шығару арқылы күшейте көрсетеді» [5, б. 310-311]. Бұл жерде автордың оппозициялық байланысты мезеп отырғаны анық.

Акротезаға мысал ретінде М.Жұмабаевтың «Пайғамбар» өлеңін атауға болады:

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Күні батып, жаңа таңы атпаған.
Түнеріп жүр түннен туған перілер
Тәңірісін табанына таптаған [6, б. 41], –

деп басталатын бұл өлеңде күнбатыс түн ұғымымен анықталып, қараңғы сөзімен бейнеленіп, күллі жамандықтың, қаскөйліктің қайнар көзі ретінде көрсетіледі. «Аллаға емес, әзәзілге табынған», «Інжілді өртеп, Құранды табанға салған», иманды білмеген түн баласының ұнамсыз әрекеттерін көрсету арқылы ақын екінші ұғымды – Күншығыстың асқақтығын күшейтеді. Сөйтіп «ақ алтын сызығы бар», «жер жүзіне нұр беретін» Күн ұлының тұлғасын «пайғамбар» дәрежесіне дейін көтереді. Күншығыстың жарығы мен нұры Күнбатыстың қараңғысы мен түнегі арқылы асқақтай түседі. Сөйтіп «түннен туған пері», яғни «Тәңірісін өлтірген түн баласының» жағымсыз іс-әрекетін суреттеу арқылы оны жоққа шығарса, Күн баласын осы қарсы жақтағы ұғым арқылы биікке көтерген. Алайда, осы Күнбатыс, ондағы түн ұлы «Күншығыстан бір пайғамбар күтеді». Қарама-қарсы екі ұғым арасындағы оппозициялық байланыс тетігін осыдан аңғарамыз. Протагонист тұлға – Күншығыстағы Күн ұлы (Пайғамбар) болса, антогонист – Күнбатыстағы түн баласы.

Сонымен бірге оксюморон ұғымына қатысты аллогизм терминіне де тоқтала кеткен жөн. «Аллогизм – көркем шығармада қолданылатын стилистикалық тәсіл. Шығармада ұғымдардың байланысы бір-бірімен логикалық бұзылулары немесе жойылулары арқылы түзілетін стилистикалық немесе сюжеттік-композициялық құрылымдар» [7, б.18].

Жоғарыдағы анықтамаларға назар салсақ, қарама-қарсылықты құрылымдағы барлық тәсілдерінің жаратылыс негізіндегі бинарлық құрылым тектоникасынан бастау алғанын көруге болады. Ал, бұл бинарлық-оппозициялық құрылым көркем әдебиетте диалалық бейнелердің айқындалуына қызмет етті. Протагонист – антогонист тұлғалардың қақтығысынан, тартысынан бастап, кейіпкер болмысының екіге жарылуына дейін жалғасқан бинарлық оппозиция оксюморон, антитеза, антоним, амфитеза, акротеза тәсілдері арқылы көркем туындының «тұла бойына сіңіп», диада-кейіпкерлердің тұлғалануына әкелді. Ұлттық әдебиетімізде бір кейіпкердің екіге жарылуы М.Жұмабайұлының «Шолпанның күнәсі», Ж.Аймауытұлының «Елес», М.Әуезовтің «Қаралы сұлу» әңгімелерінде психологиялық талдаулар қалтарысында тұрса, О.Бөкейдің «Сайтан көпір», Ә.Кекілбайдың «Аңыздың ақыры», Т.Әбдіктің «Оң қол», «Парасат майданы», «Тұғыр мен ғұмыр», М.Мағауиннің «Қыпшақ аруы», «Жармақ» сияқты әңгіме, хикаят, романдарында да түрлі қалыпта көрініс тапты.

Ежелгі Мысыр мифологиясының «даңқты» кейіпкерлері Гор мен Сеттің кеңістіктегі шайқас алаңы көркем туындыларда бір адамның, бір тұлғаның ішкі әлеміне де көшіріледі. Бұл – миф құрылымындағы бинарлық оппозиция трансформациясының бір көрінісі. Т.Әбдіктің «Оң қол» әңгімесі мен «Парасат майданы» повесіндегі кейіпкерлер болмысы бір тұтас тұлғаның «екіге жарылуымен» ерекшеленеді. Дәрігер-әңгімешінің айтуымен, оң қолы өзіне шабуыл жасап, қауіп төндіретін Алма атты он сегіз жасар қыздың психикасындағы тылсым жайтты баян ететін «Оң қол» әңгімесін еске алайық. Қазақ әдебиетіндегі біртұтас болмыстың «екі түрлі көрінісіне» осы Алма бейнесі мысал. Бір біріне қарсы иесі мен оның оң қолы «екіге жарылған бейне» ретінде танытылады.

Бұл туынды дәрігердің әңгімесі түрінде баяндалған.

«Наурыз айының аяқ кезінде бізге жасы он жетілер шамасындағы бір қыз түсті. Қабылдау үстінде ата-анасы қыздың өзін өзі бірнеше рет қылғандырып өлтірмек болғанын айтты. Маңындағылардың араласуымен аман қалған. Ал қыздың өзі мүлде басқаша баяндайды. Ол: «Маған қастандық жасаған мынау, бұл менікі емес, мүлде бөтен қол, мені өлтіргісі келіп жүр», – деп өзінің оң қолын көрсетеді. Бізде мұны ішкі тұлғаның екіге жарылуы деп атайды. Психопатологияның бір түрі. Яғни бір дененің ішінде екі түрлі «жан иесінің» кезектесіп не қатар өмір сүруі. Мұның бәрі мидың шешілмей жатқан жұмбақтары ғой» [8, б. 539]. Дәрігердің осы баяны әңгіме сюжетінің бастамасы. Ары қарай науқас қызды тікелей өз бақылауына алған дәрігер ауру сырына үңіліп, оның себебін таппақшы болады.

Диада-кейіпкердің барынша қайшылықты тұлғасы «Парасат майданында» психологиялық-философиялық тұрғыда көрінген. «Тұғыр мен ғұмыр» хикаятында бұл мәселе тіптен күрделеніп, замана зобалаңына тап болған жанның тәлкекке түскен тағдырын танытады.

«Парасат майданы» повесінің эпиграфы ретінде алынған американ қаламгері Роберт Пенн Уореннің «Сен жақсылықты жамандықтан жасауың керек, өйткені оны жасайтын басқа ештеңе жоқ» деген сөзі жаратылыстағы бинарлық оппозиция мәнін философиялық тұрғыда түсіндіру сияқты. Хикаяттың мазмұнында бұл сөздің мәні терең ашылады. Протагонист кейіпкер (ізгілікті мұрат тұтушы пациент) мен антогонист кейіпкер (хат жолдаушы бейтаныс құрбы) айналып келгенде бір-ақ адам. Пациенттің

күллі ойлары, іс-әрекеті, мақсат-мұраты күнделік арқылы берілсе, бейтаныс құрбының пікір-пайымы хат арқылы көрінеді. Сөйтіп бір адам екі кейіпкерге айналады. Біртұтас болмыстың екі түрлі қалыпта, екі түрлі бағытта болуы мифтік танымдағы тартыс заңдылығынан бастау алып, адамзаттық жобадағы өмірдің өзегіне айналғанын өнер туындылары түрлі пішінде танытты. Мифтік таным архетиптері осы заңдылықты түрлі тұлғалар арқылы аңғартса, солардың бірі – көлеңке. Адам болмысының автономды бір бөлшегі болып табылатын көлеңке көркем туындыдағы бір кейіпкердің екіге жарылуы мотивінде негізгі ролді атқарады.

Швейцарлық К.Г.Юнг теориясындағы көлеңке архетипі адам санасындағы жағымсыз ойлар пен мінез-құлықтағы жағымсыз сезімдер, әрекеттер үшін жауапты болады деп түсіндіріледі. З.Фрейд айтқан бейспаналық жекелеген түрде Көлеңке архетипімен сәйкеседі. Көлеңке арқылы жеке тұлғаның «негативті» жағы, яғни жасырын, зиянды қасиеттерінің жиынтығы, жекелеген бейсаналықтың жеткіліксіз дамыған әрекеті мен мазмұны түсіндіріледі» [9, б. 72]. Сондықтан да ол санадағы және мінез-құлықтағы ұнамсыз әрі әлеуметтік орта құптамайтын ойлар мен сезімдердің, әрекеттердің пайда болуына себепкер. Юнг талдауына сүйенсек, ол адамның хайуандық инстинктін жаңғыртады. Көркем туындыларда психодинамикалық қайшылықпен сипатталатын көлеңке негізгі кейіпкердің екінші жағын – жағымсыз қырын жайып салу қызметін атқарады.

Әлем әдебиетінің классигі, көрнекті неміс жазушысы, композитор әрі суретші, романтизм әдебиетін жаңа белеске көтерушілердің бірі Эрнст Теодор Амадей Гофман өз туындыларында екі ұдай сезімдердің арпалысына толы ақ пен қараның ара жігіне айрықша назар аударады. Зұлымдық қайдан бастау алады, жақсылықтың жәрдемшісі кім, т.с.с. сұрақтарға жауап іздеген қаламгердің өз шығармаларына арқау еткен басты тақырыбы – адам бойындағы екі болмыстың өзара арпалысы. Діни танымдағы рух пен нәпсінің арасындағы байланысты, психологиядағы адамның санасы мен бейсанасының арасындағы қатынасты тақырып етіп алған Гофманның «Ібіліс эликсирі» («Эликсир сатаны») атты туындысы Медард атты діндардың бойында екі адами болмыстың өзара тартысын суреттейді. Оның бірі ізгілікке, Құдайға, тазалыққа, адалдыққа қарай ұмтылса, екіншісі атакқұмарлыққа, бақ-дәулетке, билікке қарай талпынады және соған жету үшін арсыз-

дық пен айуандыққа да барудан тайынбайды. Адамды адалдыққа жетелейтін Жаратушыға, махаббатқа деген сенімі де, арамдыққа, залымдыққа бастайтын Ібіліс деп көрсетеді [10].

К. Юнг Көлеңке архетипін адамның жануарлық, инстинкт бастауы ретінде тани отырып, «тән – жануар, оның жануарлық болмысы бар, яғни инстинкке кіріккен жанды жүйе, инстинкті бастау. Көлеңкемен бірігу – инстинкке «иә» деу, сондай-ақ жан түбінде бұққан сойқан динамиканы құптау» деп түсіндірген [9, б. 35]. Бұл жерде жан мен тән, рух пен нәпсі арасындағы тартыс мәселесі назарға алынады.

Миф құрылымындағы бинарлық оппозиция, диалалық бірлік ұғымының көркем трансформациясы туралы айтқанда әлем әдебиеті үлгілерінен тағы да көп мысалдар табуға болады. Ертегілердің тұрақты мотивіне айналған метаморфозалардың қайнар көзі – мифтік құбылушылық. Мифтегі құбылу, яғни бір түрден екінші түрге ауысу сенімі де екі ұдайлықты, тартысты меззейді. Адамның аң-құсқа айналуы, бір тұлғаның күндіз адам, түнде аң болып өмір сүруі түркі, славян халықтарының ертегілерінде жиі ұшырасады. Шығыстық сюжеттерде құбылу зұлым күшке ие сиқыршылар немесе ерекше қасиетке, тылсым күшке ие ғажайып жандар тарапынан үстемдік алады. Даниялық қаламгер Ханс Христиан Андресеннің «Көлеңке» атты ертегісі бір тұлғаның екіге жарылып, бір-біріне қайшы әрекет етуінің жарқын көрінісін берген.

Тегі ирландық, даңқты ағылшын жазушысы Оскар Уайльдтың «Портрет Дориана Грея», Нобель сыйлығының иегері, неміс жазушысы Герман Гессенің «Степной волк», орыс классигі Федор Достоевскийдің «Двойник», неміс тілді қаламгер Франс Кафканың «Превращение»,

жапон жазушысы әрі сыншы Эдогава Рампоның «Чудовище во мраке», т.б. әдеби-көркем туындыларда мифтік танымдағы бинарлық оппозиция бірлігі диада-кейіпкерлерді тұлғалауға, сол арқылы адам өмірінің тартысқа толы динамикасын, адамның жан дүниесіндегі қайшылықтарды бейнелеуге негізделген.

Г. Гессе өзінің кейіпкері Гарри Галлерді былайша сипаттайды: «Дала қасқырының екі табиғаты – адамдық және қасқырлық табиғаты бар, тағдыры да солай – ерекше әрі сирек тағдыр» [11, б. 51]. Сондай-ақ кейіпкерінің екіге жарылуындағы құбыжықтық, яки зұлымдық бастауды былайша түсіндіреді: «Бұл адамдардың барлығы құдайлық және шайтани бастауды, әке және ана қанын, бақытқа және қасіретке бейімділікке негізделген екі жанды, екі тіршілік иесін өз болмысына сыйдырған, осылардың бәрі олардың бойында бей-берекет әрі бір-біріне жауыға араласып, Гарридің адам әрі қасқыр сипатындағыдай болып шығады» [11, б. 55].

Ұлттық әдебиетімізде де мифтік-бинарлық оппозицияны көркем кеңістікте құбылтып, қымқиғаш тартысқа толы оқиғаларды бейнелеп, күрделі характерді таныту мақсатында туынды өзегіне алу мысалын көптеп келтіруге болады. Ақ пен қара, ізгілік пен зұлымдық бір бойында тайталасқан «екі табиғатты бір тұлғаның» қатарында атауға болатын Алма (Т.Әбдік. «Оң кол»), пациент (Т.Әбдік. «Парасат майданы»), ұлт тарихы мен тағдырын жүк етіп көтерген бағзы кездегі Қыпшақ ханы Көбектің бәдізші ұлы және оның бүгінгі жалғасы мүсінші Саржан (М.Мағауин. «Қыпшақ аруы»), т.б. кейіпкерлер мифтік-бинарлық оппозицияның поэтикалық танымдағы трансформацияға түскен реминисценциясына мысал деуге болады.

Әдебиеттер

- 1 Интернет ресурсы: <http://www.litdic.ru/protagonist/>. (дата просмотра: 24.08.2016)
- 2 Виноградов В.В. О поэзии Анны Ахматовой (Стилические наброски) // Виноградов В.В. Избранные труды. Поэтика русской литературы. – М.: Наука, 1976. – 511 с. ISBN: 5-265-00925-6.
- 3 Тимофеев Л. Поэтика контраста у А.Блока // Русская литература. 1961. №3. – С. 98 – 107.
- 4 Введенская Л.А. Стилистические фигуры, основанные на антонимах // Учебные записки Курского и Белгородского пед. ин-тов. Краткие очерки по русскому языку. – Т. XXV. – Вып. 2. – Курск, 1966. ISBN: 5-87688-032-9.
- 5 Корюкина Е.С. Риторические возможности лексических антонимов // Вестник нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. 2011. № 6-2. С. 309-313.
- 6 Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2005. – 208 б. ISBN: 5605018175.
- 7 Кривонос В.Ш. «Оксюморон» // Поэтика: словарь актуальных терминов и понятий / [гл. науч. ред. Н.Д. Тамарченко]. – М.: Изд-во Кулагиной; Intrada, 2008. – 358 с. ISBN: 978-5-903955-01-5.
- 8 Әбдіқұлы Т. Парасат майданы. – Алматы: Раритет, 2012. – 616 б. ISBN: 9965-9349-6-7.
- 9 Юнг К. Г. Психология бессознательного. – М.: Канон +, 2003. – 400 с. ISBN: 5-17-004859-9, 5-88373-081-7.

- 10 Гофман Э.Т.А. Эликсир сатаны (первая публикация 1815 г.). М.: Астрель, ВКТ, 2012. – 384 стр. ISBN: 200002461613 (артикул 4886847).
- 11 Гессе Г. Степной волк (первая публикация 1927 г.). СПб.: Азбука-классика, 2007. – 288 стр. ISBN: 5-88294-099-0.

References

- 1 Internet resources: <http://www.litdic.ru/protagonist/>.
- 2 Vinogradov VV About the poetry of Anna Akhmatova (Stilicheskie outline) // VV Vinogradov Selected works. The poetics of Russian literature. – М.: Nauka, 1976 – 511 с. . ISBN: 5-265-00925-6.
- 3 L. Timofeev contrast Poetics at A.Bloka // Russian literature. 1961. №3. – S. 98 – 107.
- 4 Vvedenskaya LA Stylistic figures based on antonyms // Educational notes Kursk and Belgorod ped. in-comrade. Brief essays on the Russian language. – Т. XXV. – Vol. 2. – Kursk 1966. ISBN: 5-87688-032-9.
- 5 Koryukina ES Rhetorical possible lexical antonyms // Bulletin of the Nizhny Novgorod University. NI Lobachevsky. 2011. № 6-2. Pp 309-313.
- 6 Zhumabaev M. Multi-volume collection of works. Volume 1. Almaty: Writer, 2005. – 208 p. . ISBN: 5605018175.
- 7 Kryvonos VS «Oxymoron» // Poetics: a dictionary of current terms and concepts / [Ch. scientific. Ed. ND Tamarchenko]. – М.: Izd Kulagina; Intrada, 2008. – 358 p. ISBN: 978-5-903955-01-5.
- 8 Т. Әбдікәлі Parasat Maidan. – Almaty: Rarity, 2012. – 616 б. ISBN: 9965-9349-6-7.
- 9 Jung CG Psychology of the Unconscious. – М.: Canon +, 2003. – 400 p. ISBN: 5-17-004859-9, 5-88373-081-7.
- 10 ETA Hoffmann The Devil's Elixirs (first published 1815). М.: Astrel, CGT, 2012. – 384 p. ISBN: 200002461613 (артикул 4886847).
- 11 G. Hesse Steppenwolf (first published 1927). SPb.: Azbuka-Classics, 2007. – 288 p. ISBN: 5-88294-099-0.